

ҒАЖАЙЫП ОМЫРТҚАСЫЗДАР



Қазақстан Қызыл кітабы беттерінен

И. Д. МИТЯЕВ, Р. В. ЯЩЕНКО, В. А. КАЗЕНАС

2005

По страницам Красной книги Казахстана



УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР БЕСПОЗВОНОЧНЫХ

ҒАЖАЙЫП ОМЫРТҚАСЫЗДАР

Қазақстан Қызыл кітабы беттерінен
И. Д. МИТЯЕВ, Р. В. ЯЩЕНКО, В. А. КАЗЕНАС
По страницам Красной книги Казахстана

2005

УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР БЕСПОЗВОНОЧНЫХ



ББК ?? . ??? . ?
М — ??

Құрастырушылар:
биология ғылымдарының докторы, профессор И. Д. Митяев
биология ғылымдарының кандидаты Р. В. Яценко
биология ғылымдарының докторы, профессор В. Л. Казенас

Составители:
доктор биологических наук, профессор И. Д. Митяев,
кандидат биологических наук Р. В. Яценко,
доктор биологических наук, профессор В. Л. Казенас

Суретші: В. А. Тимоханов

Художник В. А. Тимоханов

Пікір жазғандар:
ҚР ҰҒА-ның академигі, профессор Е. Г. Гвоздев,
биология ғылымдарының докторы, профессор А. Ф. Ковшарь.

Рецензенты:
академик НАН РК, профессор Е. В. Гвоздев,
доктор биологических наук, профессор А. Ф. Ковшарь.

М — ?? И. Д. Митяев, Р. В. Яценко, В. Л. Казенас
Ғажайып омыртқасыздар. Қазақстан Қызыл кітабы беттерінен. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС,
2005. — 116 б., суретті.

«Қазақстан Қызыл кітабы беттерінен. Ғажайып омыртқасыздар» — бүгінгі таңда жоғалып бара жатқан жануарлар жайлы мәліметтер мен олардың таралу картасхемасы берілген бірден-бір құнды басылым. Басылым мектеп жасындағы балалар мен кжішілік сауымға арналған.

ISBN 9965-??-??-?

М — ?? По страницам Красной книги Казахстана. Беспозвоночные животные. Составители
И. Д. Митяев, Р. В. Яценко, В. Л. Казенас. — Алматы, ОАО «Алматыкітап», 2005. — 116 с., илл.

«Эти удивительные беспозвоночные. По страницам Красной книги» — уникальное издание, дающее информацию об исчезающих видах животных, включенных в официальное издание Красной книги Казахстана, и картосхемы их распространения на территории республики. Издание рассчитано на детей школьного возраста и широкий круг читателей.

ISBN 9965-??-??-?

М ?????????-??
????-??

ББК ?? . ??? . ?

© Митяев И. Д., Яценко Р. В., Казенас В. Л., 2005, текст
© Иллюстрации: Тимоханов В. А., 2005, рисунки;
Белялов О. В., 2005, фото
© Есенбекова П. А., 2005, перевод на казахский
© ОАО «Алматыкітап», 2005

ISBN 9965-??-??-?

МАЗМҰНЫ



Құрастырушылардан	4
От Составителей	5
1-бөлім Келелі мәселелер мен болашақ мәселелері	
Раздел 1 Проблемы и перспективы	7
2-бөлім Қазақстанның табиғи аймақтарына қысқаша сипаттама	
Раздел 2 Краткая характеристика природных зон Казахстана	25
3-бөлім Қазақстан Қызыл кітабындағы омыртқасыз жануарлар	
Раздел 3 Беспозвоночные животные в Красной книге Казахстана	33
4-бөлім Кең көлемде	
Раздел 4 Крупным планом	81
5-бөлім Анықтама бөлімі	
Раздел 5 Справочный отдел	105

СОДЕРЖАНИЕ

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН



Негізгі мемлекеттік құжат болып табылатын Қазақстан Республикасының Қызыл кітап жайлы заңында республика аумағында сирек кездесетін, саны азайып бара жатқан және жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктердің жағдайы, оларды зерттеу, қорғау, қалпына келтіру және тиімді пайдалану жайлы мәліметтер жиынтығы берілген. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлер республиканың бар аумағында ерекше қорғауды қажет етеді. Заң жүзінде қарастырылған ерекше бір жағдайлар болмаса, бұл түрлерді ұстауға рұқсат жоқ. Қызыл кітапқа енгізілген түрлердің санын қысқартуға, жоюға немесе олардың тіршілік ортасын бүлдіруге байланысты жағдайларға жол берілмейді.

Омыртқасыз жануарларды Қызыл кітапқа енгізу 1983 жылы желтоқсанда ҚазССР ҒА зоология институтында өткен сирек кездесетін, жойылып бара жатқан жануарлар түрлері жайлы ІІ Республикалық кеңесте талқыланып, дұрыс шешімін тапқан еді.

Бұған дейін Қазақстан зоологтарының ешқайсысы біздің елімізде омыртқасыз жануарларды қорғау керек екендігі туралы ойланбаған еді. Олардың алуан түрлілігі мен санының көптігі сонша, оларды жойып жіберу мүмкін емес сияқты көрінетін. Дегенмен, маман-энтомологтардың соңғы бірнеше онжылдықтардағы жағдайларға қырағы көңіл бөлулеріне байланысты, омыртқасыз жануарлардың табиғи ортаның өзгеріс әсеріне өте сезімтал екендігін көрсетті.

Алғашқыда Қызыл кітапқа омыртқасыз жануарлардың 650 түрін енгізу ұсынылған бо-

Согласно Положению о Красной книге Республики Казахстан, она является основным государственным документом, содержащим совокупность сведений о состоянии редких, сокращающихся в численности и находящихся под угрозой исчезновения видов животных и растений на территории республики, необходимых мер по их изучению, охране, воспроизводству и рациональному использованию. Занесенные в Красную книгу Республики Казахстан виды подлежат особой охране на всей территории республики. Добывание (сбор) этих видов запрещено, кроме особых случаев, предусмотренных законодательством. Действия, которые могут привести к гибели, сокращению численности или нарушению среды обитания видов, занесенных в Красную книгу, не допускаются.

Вопрос о включении в Красную книгу беспозвоночных животных обсуждался и был положительно решен на 2-м Республиканском совещании по редким и исчезающим видам животных, прошедшем в конце декабря 1983 г. в Институте зоологии АН КазССР.

До этого никому из казахстанских зоологов и в голову не приходило, что беспозвоночных в нашей стране тоже необходимо охранять или ставить вопрос об их охране. Казалось, что разнообразие и численность этих животных настолько велики, что уничтожить их практически невозможно. Однако внимательное отношение специалистов-энтомологов к событиям предшествующих нескольких десятков лет показало, что беспозвоночные оказались очень чувствительными к различного рода антропогенным воздействиям.

Для включения в Красную книгу первоначально было предложено 650 видов беспозвоночных

латын, оның 615 түрі насекомдар еді. Көптеген талқылаулардан кейін 105 түр іріктеліп алынды да, 1991 жылы аз санды ротопринтті Қызыл кітап жарыққа шықты.

1998 жылы Қазақстан Қызыл кітабының 3-басылымының («Жануарлар») І томын, («Омыртқасыздар») ІІ бөлімін жеке жоғары басылымға үлкен мамандар тобы дайындады. Құрастырушылар «Қазақстан Қызыл кітабының беттерінен. Омыртқасыз жануарлар» атты қосымша кітапты көп тиражда шығаруға шешім қабылдады. Мұнда барлық омыртқасыз жануарлар жайлы мәліметтер қысқаша берілді (А.Б. Жданко, И.И. Кабак, С.Р. Қадырбеков, В.Л. Казенас, Т.П. Мариковская, И.Д. Митяев, С.Р. Насырова, Г.Б. Николаев, Г.И. Савойская, З.А. Федотова, мәліметтерінен). Бұл басылымға Қызыл кітаптағы ең маңызды мәліметтер енгізілді, себебі олар кең көлемдегі оқырман қауымға, әсіресе мектеп оқушыларына, түсінікті болуы керек. Олар еліміздегі сирек кездесетін және жойылып бара жатқан омыртқасыз жануарлардың қорғалуы жайлы білулері керек, өйткені еліміздегі жануарлардың келешегі олардың экологиялық біліміне көп байланысты.

животных, из них 615 видов насекомых. После многочисленных последующих обсуждений было отобрано 105 видов — «кандидатов» в Красную Книгу Казахстана, которая была опубликована в 1991 г.

Уже в 1998 г. большим коллективом была подготовлена к изданию самостоятельная (вторая) часть «Беспозвоночные» в 1-м томе («Животные») 3-го издания «Красной Книги Казахстана. Беспозвоночные животные», в которую вошли сокращенные повидовые очерки всех беспозвоночных животных (по материалам А.Б. Жданко, И.И. Кабака, Р.Х. Кадырбекова, В.Л. Казенаса, Т.П. Мариковской, И.Д. Митяева, С.Р. Насыровой, Г.В. Николаева, Г.И. Савойской, З.А. Федотовой, А.Ю. Харитоновой, Р.В. Яценко, А.В. Громова, А.С. Малиновской, Т.С. Перель, К.К. Увалиевой). В нее включены самые основные сведения, содержащиеся в Красной книге, чтобы они были доступны для широких слоев населения, в первую очередь для школьников, которые уже в этом возрасте должны знать о состоянии охраны редких и исчезающих видов беспозвоночных животных в нашей стране, ведь от их экологического воспитания во многом зависит будущее животных нашей страны.





Омыртқасыздар дегеніміз не және оларды не үшін қорғау керек? *В.Л. Казенас* 8

Кто такие беспозвоночные и почему нужно их охранять? *В.Л. Казенас* 13

Қазақстандағы омыртқасыздардың әр түрлілігін сақтау шаралары.
И.Д. Митяев, Р.В. Яценко, В.Л. Казенас 17

Меры по сохранению разнообразия беспозвоночных в Казахстане.
И.Д. Митяев, Р.В. Яценко, В.Л. Казенас 21

Қазақстан Қызыл кітабына омыртқасыз жануарлар түрлерін енгізу белгілері.
И.Д. Митяев, Р.В. Яценко, В.Л. Казенас 24

Критерии включения видов беспозвоночных в Красную книгу Казахстана.
И.Д. Митяев, Р.В. Яценко, В.Л. Казенас 27

ОМЫРТҚАСЫЗДАР ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ НЕ ҮШІН ҚОРҒАЙДЫ?



Барлық жануарлар екі үлкен топқа бөлінеді: омыртқалылар және омыртқасыздар. Атының өзі айтып тұрғандай, омыртқасыз жануарларда омыртқалары болмайды. Жануарлар әлемінің алуан түрлілігі омыртқасыз жануарлардың биомассасымен және түрдің әр түрлілігімен анықталады. Қазіргі жіктеу бойынша, олар шамамен 60 типке біріктірілген: қарапайымдылардан бастап едәуір күрделі құрылысты, мысалы, буынаяқтылар мен моллюскаларға дейін. Едәуір ірі типтерге мыналар жатады: қарапайым бір клеткалылардан — эвгленалар (Euglenozoa дүние жүзінде 900 түрі бар), динофлагелляттар (Dinoflagellata — 2 100 түр), сәулелілер (Radiolaria — 5 000 түр), споралылар (Sporozoa — 5 000 түр), талшықтылар (Ciliophora — 8 000 түр), микоспоридиялар (Mycosporidia — 1 200 түр), фораминифералар (Foraminifera — 8 000 түр); көпклеткалылардан — губкалар (Porifera — 2 600 түр), маржандар (Anthozoa — 300 түр), жалпақ құрттар (Plathelminthes — 18 000 түр шамасында), жұмыр құрттар (Nemathelminthes — 15 500 түр), зымырықтар (Rotifera — 3 000 түр), аннелидалар (Annelida — 13 000 түр шамасында), көп қылтанды құрттар (Polychaeta — 7 000 түр), аз қылтанды құрттар (Oligochaeta — 5 000 түр), моллюскалар (Mollusca — 130 000 түрден жоғары), буынаяқтылар (Arthropoda — 1 200 000 түр шамасында), мүкденелер (Bryozoa — 4 000 түр), тікентерілер (Echinodermata — 6 600 түр). Дүние жүзілік фаунада омыртқасыздардың шамамен 1,5 млн. түрі кездеседі.

Омыртқасыздар барлық жерде: топырақта, тұщы және тұзды су қоймаларында (кейбірі тіпті ыстық бұлақтарда) кездеседі, көптеген түрлері басқа организмдерде масыл болып тіршілік етеді.

Омыртқасыздар халық арасында өсімдіктер зиянкестері және адам ауруларын қоздырғыш-

Все животные традиционно делятся на две большие группы: позвоночные и беспозвоночные. Как говорит само название, беспозвоночные — это те животные, которые не имеют позвоночника. Многообразие животного мира определяется в значительной степени видовым разнообразием и биомассой беспозвоночных животных. Они намного превосходят позвоночных как по числу видов, так и по биомассе. По современной классификации, они объединены примерно в 60 типов: от простейших до наиболее сложно устроенных, к примеру, членистоногих и моллюсков. Наиболее крупными типами являются: из простейших одноклеточных — Эвгленовые (Euglenozoa — 900 видов в мире), Динофлагелляты (Dinoflagellata — 2 100 в.), Лучевики (Radiolaria — 5 000 в.), Споровики (Sporozoa — 5 000 в.), Жгутиконосцы (Ciliophora — 8 000 в.), Микоспоридии (Mycosporidia — 1 200 в.), Фораминиферы (Foraminifera — 8 000 в.), из многоклеточных — Губки (Porifera — 2 600 в.), Стрекающие кишечнополостные (Cnidaria — около 6 000 в.), Гидрозои (Hydrozoa — 2 600 в.), Кораллы (Anthozoa — 3 000 в.), Плоские черви (Plathelminthes — около 18 000 в.), Круглые черви (Nemathelminthes — 15 500 в.), Коловратки (Rotifera — 3 000 в.), Аннелиды (Annelida — около 13 000 в.), Полихеты (Polychaeta — 7 000 в.), Олигохеты (Oligochaeta — 5 000 в.), Моллюски (Mollusca — более 130 000 в.), Членистоногие (Arthropoda — около 1 200 000 в.), Мшанки (Bryozoa — 4 000 в.), Иглокожие (Echinodermata — 6 600 в.). Беспозвоночных насчитывают в мировой фауне приблизительно 1,5 миллиона видов.

Беспозвоночные живут повсюду: в почве, в пресных или соленых водоемах (некоторые даже в горячих источниках), многие паразитируют в других организмах.

Беспозвоночные среди населения больше известны как вредители растений и возбудители болезней человека. Действительно, среди них имеются серьезные сельскохозяйственные вредители, паразиты человека и животных, пере-

КТО ТАКИЕ БЕСПОЗВОНОЧНЫЕ И ПОЧЕМУ НУЖНО ИХ ОХРАНЯТЬ?

тар, тасымалдағыштар ретінде таныс. Шынында да, олардың арасында қауіпті ауылшаруашылық зиянкестері, адам мен жануарлардың масылдары, олардың ауру қоздырғыштарын тасымалдаушылар, орман зиянкестері, тамақ қорының зиянкестері және т.б. кездеседі. Дегенмен, омыртқасыз жануарлардың көп бөлігі пайдалы және адамның жер бетіндегі тіршілігі оларсыз мүмкін еместігін айта кеткен дұрыс болар.

Ең алдымен, омыртқасыз жануарлар табиғаттағы зат айналымында маңызды қызмет атқарады. Бұл жануарлар өсімдік пен жануарлар қалдықтарын ыдыратады. Олар күрделі органикалық қосылыстарды жай заттарға айналдыра отырып, бір уақытта химиялық элементтерді топыраққа жіберіп, оның құнарлылығын арттырады.

Топырақта қарапайымдылардың көптеген түрлері (талшықтылар, инфузориялар, саркодалар) кездеседі. Олар биологиялық белсенді заттар қорын жинақтайды. Өсімдік қалдықтарын ыдырататын топырақ саркофагтарының ішінен әр түрлі қоректік топтардың өкілдерін кездестіруге болады: жоғары өсімдіктер қалдықтарын, соның ішінде тұскен жапырақ пен қылқандарды, шіріген бұтақ пен тамырларды пайдаланушылар; төменгі өсімдіктермен (оның ішінде саңырауқұлақтар) қоректенушілер, детритофагтар мен бактериофагтар.

Топырақ құнарлылығын арттыруда омыртқасыздардың атқаратын қызметі өте зор. Топырақ түзуші жануарларға көптеген қарапайымдылар, жауын құрттары, есек құрттары, топырақ жәндіктері мен өрмекшітәрізділер жатады. Бұл жануарлардың пайдалы қызметі топырақ биоценоздарында жанамалы түрде, яғни ауыл шаруашылық өсімдіктерінің өсуіне қолайлы жағдай туғызады. Бұл топқа омыртқасыздар, табиғат тазалаушылары, яғни өлі органикалық заттарды пайдаға асырушылар жалғасады.

Тұщы су қоймасында тіршілік ететін әр түрлі омыртқасыздар, мысалы, қарапайымдылардан

носчики возбудителей их заболеваний, лесные вредители, вредители пищевых запасов и пр. Однако можно совершенно справедливо утверждать, что большая часть беспозвоночных полезна и жизнь человека на Земле без них была бы невозможной.

Прежде всего, беспозвоночные выполняют важную роль в круговороте веществ в природе. Эти животные способствуют разложению растительных и животных остатков. Превращая сложные органические соединения в более простые вещества, они одновременно производят возврат химических элементов в почву, повышая ее плодородие.

В почве содержится огромное количество простейших (жгутиконосцев, инфузорий, саркодовых), продуцирующих комплекс биологически активных веществ. Среди почвенных сапрофагов, разлагающих растительные остатки, можно встретить представителей различных трофических групп: потребителей остатков высших растений, в частности, листового или хвойного опада, древесины, разлагающихся стеблей и корней; потребителей низших растений (в частности, грибов), детритофагов и бактериофагов.

Неоценима роль беспозвоночных в почвообразовательном процессе, в создании плодородия почвы. К животным-почвообразователям относятся многие простейшие, дождевые черви, мокрицы, почвенные насекомые и паукообразные. Полезная роль этих животных проявляется в почвенных биоценозах косвенно: в виде создания благоприятных условий для произрастания сельскохозяйственных растений. К этой группе примыкают беспозвоночные — природные санитары, участвующие в утилизации мертвых органических веществ.

Самые разнообразные беспозвоночные, обитающие в пресных водоемах, например, простейшие из ресничных инфузорий (в частности, инфузории из рода Paramecium) или некоторые виды малощетинковых червей, а также ветвис-

кірпікшелі инфузориялар (соның ішінде Paramecium туысы) немесе аз қылтанды құрттардың кейбір түрлері, сонымен қатар бұтақмұртты шаяндар — дафниялар, судың ластану дәрежесін анықтайтын көрсеткіш ретінде пайдаланылады. Кейбір омыртқасыздар суды тазалайды. Қос жақтаулы моллюскалар класы өкілдері желбезегінің көмегімен суды сүзіп, қоректік заттарын ұстайды. Сүзгіш қызметін көптеген су насекомдары, олардың ішінде шіркейлер дернәсілдері атқарады. Оларда суды сүзуге бейімделген желпуішке ұқсас жоғарғы ернінің бүйір өсінділері болады.

Көптеген жыртқыш және масыл омыртқасыздар жекелеген насекомдардың күрт көбеюі кезінде олардың са-

нын табиғи жолмен реттеу қызметін атқарады. Олар — өрмекшілер, инеліктер, шегірткелер, жыртқыш қандалалар, шашаққанат көбелектер мен қоңыздар, паразиттік жарғаққанаттылар, жыртқыш нематодтар, көпаяқтылар және т. б. Өсімдікті жеп жатқан көбелек жұлдызқұрттың, өсімдік битін, қоңыз, шыбын дернәсілдерін және басқа жәндіктерді, сонымен қатар кейбір моллюскалар мен кенелерді жою арқылы олар өсімдік зиянкестері мен басқа да омыртқасыздардың санын азайтады. Пайдалы жыртқыштар мен масылдар табиғи биоценоз бен агроценоздың тазалығын анықтайды. Зиянды омыртқасыздармен күресу үшін пайдаланған химиялық заттардың көптеген теріс әсерлеріне байланысты биологиялық күрестің үлкен келесі бар.

Омыртқасыздар — арам шөптер фитофагтары (кейбір кенелер, нематодтар және жәндіктер), егістік даласын арам шөптерден тазалап, ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыруда жанама әсер етеді.

Пайдалы омыртқасыздар қатарына кәсіптік балықтар, құстар және аңдар (көптеген шаянтәрізділер, еркін тіршілік ететін құрттар, моллюскалар, жәндіктер, өрмекшітәрізділер және т. б. омыртқасыздар) қорегін құрайтын жануарлар тобын бөлуге болады. Аңшылық

тоусые рачки — дафнии, используются как индикаторы при определении степени загрязненности воды.

Некоторые беспозвоночные очищают воду. Моллюски из класса двустворчатых с помощью жабр отцеживают из воды пищевые частицы, фильтруя тем самым воду. Роль фильтраторов выполняют многие водяные насекомые, в частности, личинки мошек, имеющие специальные приспособления для фильтрации воды — боковые выросты верхней губы, напоминающие веер.

Многие хищные и паразитические беспозвоночные служат естественными регуляторами численности определенных видов насекомых во время вспышек их размножения. Это пауки, стрекозы, кузнечики, хищные клопы, трипсы и жуки, паразитические перепончатокрылые, муравьи, осы, златоглазки, хищные и паразитические мухи, хищные нематоды, многоножки и др. Уничтожая поедающих растения гусениц бабочек, тлей, личинок жуков, мух и других насекомых, а также некоторых моллюсков и клещей, они снижают численность вредящих растениям насекомых и других беспозвоночных. Полезные хищники и паразиты в естественных биоценозах и агроценозах во многом определяют их более или менее благополучное состояние. В связи со многими отрицательными последствиями применения химических средств борьбы с вредными беспозвоночными, использование биологических средств имеет большие перспективы.

Беспозвоночные — фитофаги сорных растений (некоторые клещи, нематоды и насекомые), очищая поля от сорняков, косвенно способствуют повышению продуктивности сельскохозяйственных угодий.

Среди полезных беспозвоночных можно выделить группу животных, составляющих кормовую базу промысловых рыб, птиц и зверей (это многие ракообразные, свободноживущие черви, моллюски, насекомые, паукообразные и другие беспозвоночные). Продуктивность охотничье-промысловых угодий определяется, прежде всего, наличием достаточного количества корма для ценных позвоночных животных.

Среди беспозвоночных есть очень важная группа видов — опылители. Известно, что примерно 87% растений энтомофильны, т. е. опыляются насекомыми и без их помощи не образуют семян. К группе таких насекомых относятся

кәсіптік жердің өнімділігі, ең алдымен, бағалы омыртқалы жануарлардың жеткілікті қорек қорының болуына байланысты.

Омыртқасыздар арасында өте маңызды топ түрлері — тозаңдандырушылар. Шамамен өсімдіктің 87% энтомофильдер екені белгілі, яғни жәндіктермен тозаңдандырылады және олардың көмегісіз тұқым түзбейді. Мұндай жәндіктер тобына жабайы баларалары, түкті аралар, көптеген шыбындар, қоңыздар, көбелектер жатады. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің өнімі, әсіресе көкөніс пен бақ өнімдері, табиғи тозаңдандырушылар «жұмысына», олардың популяциясының жағдайына тығыз байланысты. Бір қызығы, жабайы баларалары кейбір дақылдарды үй балараларына қарағанда жақсы тозаңдандырады. Әсіресе түкті аралар үлкен пайда тигізеді, олар маңызды мал азығы дақылдары, беде мен жоңышқаны, тозаңдандырады. Бұл жәндіктердің ұзын тұмсықтары болады, сол арқылы әр түрлі құрылысты гүлдерге енеді.

Кейбір моллюскалар мен шаянтәрізділерді (мысалы, өзен шаяндары мен крабтарды) адамдар тамаққа пайдаланады. Омыртқасыздар адамға қажетті заттардың өндіру көзі болып табылады: бояулар, ара балы, жібек, балауыз, т. б. Омыртқасыз жануарларды медициналық мақсатта да пайдаланады. Мысалы, медицина сүлігі жүрек-қан тамыр жүйелері ауруларын емдеу үшін пайдаланады. Қарақұрт, құршаан, ірі аралар уларының, сонымен қатар араның балы мен прополисінің емдік шипалы қасиеттері бар.

Кейбір өрмекшітәрізділердің, шаншарлы жарғаққанаттылардың, кейбір улы қоңыздардың улары медицина да ғана емес, ғылыми физиологиялық зерттеулерде де қолданылады. Сымырларды табиғи берік бояу өндіргіші ретінде (карминді алу үшін) пайдаланады.

Омыртқасыздардың көптеген түрлерінің адам үшін пайдалы жақтары ашылмаған, дегенмен бұл бейтарап түрлерді де пайдалы деп есептеген дұрыс, себебі олар адам тіршілік ететін табиғатта экожүйенің тұрақтылығы мен сақталуына мүмкіндік береді.

пчелы, шмели, осы, многие мухи, жуки, бабочки. Урожай сельскохозяйственных растений, особенно огородных и садовых культур, во многом зависит от «деятельности» природных опылителей, от состояния их популяций. Интересно, что дикие пчелы более эффективно опыляют некоторые культуры, чем домашние, так как производят вскрытие цветков, при котором завязывание семян происходит в подавляющем большинстве случаев. Особенно большую пользу приносят шмели, опыляющие такие важные кормовые культуры, как клевер и люцерну. Эти насекомые имеют очень длинные хоботки, которые позволяют им проникать в самые разнообразные по строению цветки.

Некоторые моллюски и ракообразные (например, крабы и речные раки) используются человеком в пищу. Беспозвоночные служат источниками веществ, необходимых человеку: лавок, красок, меда, воска, шелка. Беспозвоночные животные используются и для медицинских целей. Например, медицинская пиявка применяется для лечения заболеваний сердечно-сосудистой системы; целебными свойствами обладают яды каракурта, скорпионов, крупных ос, а также мед и прополис пчел. Яды некоторых паукообразных, жалящих перепончатокрылых, некоторых ядовитых жуков применяются не только в медицине, но и в научных физиологических исследованиях. Червецы используются как производители естественных стойких красителей. Их, в частности, применяют для получения кармина.

Для подавляющего большинства видов беспозвоночных полезные для человека свойства еще не открыты, однако даже эти нейтральные пока виды тоже можно считать полезными, поскольку они, выполняя определенную роль в природе, способствуют сохранению и стабилизации экосистем, в которых обитает человек.

Многие группы беспозвоночных имеют эстетическое значение, украшая природу, и являются объектами любительского коллекционирования (это моллюски, бабочки, жуки, прямокрылые, перепончатокрылые и другие насекомые). Особенно ценятся красивые редкие, реликто-



Карминді поляк сымыры

Кошениль польская



Кириченко инелігі

Летодедка Кириченко



Туркестан шаяны

Туркестанский рак



Дөңгеленген парарофитес

Парарофитес округлый

Омыртқасыздардың көптеген түрлерінің эстетикалық маңызы бар, олар табиғатқа сән беріп, әуесқойлық жиынтықтардың нысанасы (моллюскалар, жарғаққанаттылар, көбелектер, қоңыздар, тікқанаттылар, т. б.) болып табылады. Әсіресе әдемі, сирек кездесетін, реликті және эндемиктік, яғни шағын жерде ғана тіршілік ететін түрлер бағалы.

Омыртқасыздар ғылымда жалпы биологиялық құбылыстарды зерттеуде кең қолданылады. Мысалы, жеміс шыбынын алатын болсақ, ол маңызды генетикалық көптеген жаңалықтарды ашуға көмектесті.

Көптеген түрлер бионикалық моделдеуде үлкен қызығушылық тудырып отыр.

Табиғи ресурстар, соның ішінде омыртқасыз жануарлар ресурстары, ұлт байлығы, еліміздің гүлденуі мен материалдық байлығының маңызды көзінің бірі болып табылады.

Біздің республикамызда бағалы омыртқасыздардың үлкен қоры бар. Ең алдымен, олар — өсімдіктер тозаңдандырушылары. Энтомофагтардың түр құрамы қомақты да кең, олар зиянды омыртқасыздардың санын реттеуге қатысады. Балықтардың және басқа да шаруашылық маңызы зор омыртқалы жануарлардың қорек қорын көптеген омыртқасыздар құрайды. Алуан түрлі омыртқасыздар топырақ түзуде маңызды қызмет атқарады. Қазақстанда бағалы бояу-карминді беретін кармин сымырының 23 түрі тіршілік етеді. Республикада табиғи жағдайда көптеген әдемі ірі насеком түрлері тіршілік етеді, оларға әуесқойлар сұранымы өте жоғары. Біздің республикамыздан басқа ешқандай жерде кездеспейтін және жергілікті түрлер ерекше ғылыми бағалы. Көптеген өрмекшітәрізділер мен жәндіктер у өндірушілер болып табылады.

Қазақстан су қоймаларындағы омыртқасыздар фаунасы әр түрлі топтың бірнеше жүздеген түрінен тұрады — қарапайымдылардан жоғары шаяндарға дейін. Олардың бағалылығы, ең алдымен, балықтар мен суда жүзетін құстардың қорегі ретінде, сонымен қатар су қоймаларының өздігінен тазаруы қызметін атқаруымен бағаланады.

Кейбір су қоймаларынан өзен шаянының кәсіптік қоры табылды. Олар балық шаруашы-

вые и эндемичные виды, обитающие на небольшой территории.

Беспозвоночные широко используются в науке при изучении общих биологических явлений. Достаточно вспомнить мушку-дрозофилу, которая помогла сделать многие важные генетические открытия.

Многие виды представляют огромный интерес для бионического моделирования.

Природные ресурсы, в том числе ресурсы беспозвоночных животных, являются национальным богатством, одним из важных источников материального благополучия и процветания страны.

Наша республика обладает огромным запасом ценных беспозвоночных. Прежде всего, это опылители растений. Весьма обширен видовой состав энтомофагов, участвующих в регуляции численности вредных беспозвоночных. Многочисленны беспозвоночные, составляющие кормовую базу рыб и других хозяйственно важных позвоночных животных. Разнообразны беспозвоночные, играющие существенную роль в почвообразовательных процессах. В Казахстане обитают 23 вида карминовых червецов, дающих ценный краситель — кармин. Наконец, в республике в естественных условиях обитают многие яркие крупные виды насекомых, пользующихся огромным спросом у коллекционеров. Особую научную и коллекционную ценность представляют редкие и эндемичные виды, нигде, кроме нашей республики, не встречающиеся.

Разнообразны и многочисленные паукообразные и насекомые, являющиеся ядохлопцентами.

Фауна беспозвоночных в водоемах Казахстана насчитывает несколько сотен видов из разных групп — от простейших до высших раков. Ценность их определяется, в первую очередь, как кормовых объектов для рыб и водоплавающих птиц, а также ролью в самоочищении водоемов.

В некоторых водоемах обнаружены промышленные запасы речного рака. В водоемах, не имеющих рыбохозяйственного значения, основными объектами промысла являются жаброногий рачок анострака, артемия и некоторые виды ветвистоусых рачков. Ряд водных беспозвоночных могут быть потенциально объектами промысла: из ветвистоусых — моины, из веслоногих — диаптомусы, из жаброногих — бранхиеллы, из двукрылых — личинки комаров-звонцов.

лығына маңызы жоқ су қоймаларында негізгі кәсіптік нысана болып, желбезекаяқты шаян — анострак, артемия және кейбір бұтақмұртты шаян түрлері табылады. Тағы бірқатар су омыртқасыздары кәсіптің негізгі нысанасы болып табылады: бұтақмұрттылардан — моиналар, ескекаяқтылардан — диаптомустар, желбезекаяқтылардан — бранхиеллалар, қосқанаттылардан — ызылдауық маса дернәсілдері.

Қазіргі уақытта республикамыздың пайдалы омыртқасыздарының ресурсы көптеген түрлер үшін анықталмаған. Мұны республика зоолоттары Қазақстан омыртқасыздарының Кадастрын құрастырғанда жасауы керек. Бағалы түрлерді табиғаттан алу мөлшері де белгіленбеген. Олар міндетті түрде түрдің немесе популяцияның құрып кету қаупін туғызбау және көп жылдық ғылыми зерттеудің нәтижесіндегі мәліметтер негізінде әрбір жеке түр үшін ерекше болуы керек. Алу мезгілін дұрыс анықтаудың маңызы өте зор, себебі популяцияға түскен залал өте аз мөлшерде болуы керек.

Біздің заманымызда көптеген омыртқасыз жануарлар адамның шаруашылық әрекетінің әсерінен қатты зардап шегуде. Оның басты себебі — өндірістің, ауыл шаруашылығының дамуы нәтижесінде жаңа жерді игеру, су қоймаларын, атмосфераны және т. б. ластау. Осы жағдайлар біздің елімізде де омыртқасыздар фаунасына кері әсерін тигізіп отыр.

Жаппай тың жерді игеруден, табиғи өсімдіктер өсетін жерлердің күрт қысқаруынан, топырақтың бүлінуінен, техногенді және ауыл шаруашылық ластанудан жер беті және топырақ насекомдарының, өрмекшітәрізділер мен басқа да омыртқасыз жануарлардың топтарының фаунасы қатты зардап шекті. 1954–60 жылдары республикамыздың солтүстік облыстарында тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңінде шамамен 70% дала фаунасы жойылды. Одан кейінгі жылдары Тянь-Шаньның далалы белдеулерінде де ұқсас жағдайлар болды, жерді игеру, улы химикаттарды кең пайдалану, малды шектен тыс жаю және өрттің әсерінен кей түрлер сирек кездесетін болды. Ал кей жерлерде фитофаг насекомдардың көптеген түрлері, жабайы бал аралары — өсімдік тозаңдандырушылары, моллюскалар, жыртқыш және масыл буынақтылар мүлдем жойылды. Биік таулы Тянь-Шань, Жоңғар Алатауы мен Тарбағатай, сонымен қатар Тауқұм, Мойынқұм, Сарыесік-Атырау

В настоящее время ресурсы полезных беспозвоночных республики не установлены для подавляющего большинства видов. Это предстоит сделать зоологам республики при составлении Кадастра беспозвоночных Казахстана. Нормы изъятия ценных видов из природы тоже не разработаны. Безусловно, они должны быть такими, чтобы не ставить под угрозу существование популяций и вида в целом. Они должны устанавливаться особо для каждого вида на основе данных многолетних научных исследований. Большое значение имеет правильное установление сроков изъятия с тем, чтобы ущерб, нанесенный популяциям, был минимальным.

В наш век многие беспозвоночные животные сильно страдают от негативных воздействий человека. Причиной тому служит развитие промышленности, сельского хозяйства, из-за чего происходит освоение новых территорий, загрязнение водоемов, атмосферы и др. Это воздействие сказывается отрицательно на фауне беспозвоночных и в нашей стране.

Вследствие массовой распашки целинных земель, резкого сокращения площадей естественной растительности, эрозии почв, техногенного и сельскохозяйственного загрязнения сильно пострадала фауна наземных и почвенных насекомых, паукообразных и других групп беспозвоночных животных. В 1954–60 гг. в период освоения целинных и залежных земель примерно на 70% была уничтожена зональная степная фауна в северных областях республики. В последующие годы сходная ситуация сложилась в степном поясе Тянь-Шаня и его предгорьях, где в результате освоения земель, широкого применения пестицидов, перевыпасов и пожаров стали редкими, а местами исчезли многие виды насекомых-фитофагов, диких пчел — опылителей растений, моллюсков, хищных и паразитических членистоногих. От перевыпасов в высокогорьях Тянь-Шаня, Джунгарского Алатау и Тарбағатай, а также в пустынях Таукум, Мойынкум, Сарыесік-Атырау многие виды животных (в том числе эндемики) сократили ареалы и численность, вследствие чего стали «кандидатами» в Красную книгу Казахстана.

Из-за антропогенного воздействия изменилась структура зооценозов: наряду с обеднением видового

Жіңішке аяқты клизодон

Клизодон тонконогий



шөлдерінде малды шектен тыс жаю салдарынан жануарлардың көптеген түрлерінің (жергілікті түрлер де) саны мен таралу аймағы қысқарды, осының салдарынан Қызыл кітапқа енгізілген мәжбүр болды.

Қоршаған ортаға адамның шаруашылық жұмыстарының әсерлерінің нәтижесінде зооценоздың құрылысы өзгерді: жануарлардың жалпы санының қысқаруы мен түр құрамының азаюына байланысты салыстырмалы түрде эврибионтты төзімді түрлер саны көбейді (орман және ауыл шаруашылық зиянкестері). Ірі өнеркәсіпті қалалар маңында, әскери жаттығулар жүргізілетін жерлер және пайдалы қазбаларды өндіру аймақтарындағы фауна үлкен өзгерістерге ұшырады.

Жол салу, құбырлар жүргізу, электр желісін тарту және т. б. құрылыс жұмыстары фаунаға үлкен әсерін тигізеді. Олар табиғи жер бедеріне бөтен заттарды ендіріп, бұл жердің байырғы фаунасына қолайсыз жағдай тудырады.

Фаунаның айтылып өткен өзгерістерінің нәтижесінде омыртқасыз жануарлардың жалпы санының қысқаруына, фаунаның кедейленуіне әкеліп соқтырады, зоологиялық ресурстарды келешекте пайдалану мүмкіншілігі төмендейді, бағалы кәсіптік жануарлардың санының азаюына әкеледі. Олардың көбі омыртқасыздармен қоректенеді және экожүйеде тіршілік етеді. Мұнда омыртқасыздар олардың тұрақтылығын сақтауда зор экологиялық қызмет атқарады.

Зоологиялық топтану құрылысының өзгеруі эврибионтты төзімді түрлердің, яғни орман, балық, аң аулау және ауыл шаруашылық зиянкестерінің санының және түрінің көбеюіне әкеліп соқтырады.

Топырақ омыртқасыздар фаунасының төмендеуі топырақ құнарлылығы мен топырақтың табиғи реттелуінің бұзылуына әкеледі, нәтижесінде ауыл шаруашылық егістіктердің түсімі төмендейді.

Тозаңдандырғыш жәндіктердің санының азаюы ауыл шаруашылық өнімдерін азайтады, энтомофаг жәндіктердің саны мен түр құрамының төмендеуі зиянкес жәндіктердің

состава и уменьшением общей численности животных относительно более многочисленными стали эврибионтные пластичные виды (среди которых многие — вредители сельского и лесного хозяйств). Большие изменения в фауне произошли в окрестностях крупных промышленных городов, на территории военных полигонов и в районах добычи полезных ископаемых.

Большое влияние на фауну оказывают строительные работы, связанные с прокладкой дорог, трубопроводов, линий электропередач и т. д., которые создают условия для проникновения в естественные ландшафты чуждых элементов, которые могут оказать неблагоприятное воздействие на аборигенную фауну.

Последствия наблюдаемых изменений фауны приводят к общему сокращению численности беспозвоночных. Они обедняют фауну в целом; снижают возможность использования зоологических ресурсов в будущем; ведут к уменьшению численности ценных промысловых животных,

поскольку многие из них питаются беспозвоночными и живут в экосистемах, где беспозвоночные играют большую экологическую роль в поддержании их стабильности.

Происходящие изменения структуры зоологических сообществ приводят к возрастанию числа и численности эврибионтных пластичных видов, среди которых много вредителей, что приводит к большим убыткам в сельском, лесном, рыбном и охотничьем хозяйствах.

Деграция фауны почвенных беспозвоночных ведет к уменьшению плодородия почвы и нарушению естественных регуляторных процессов в почве, следствием чего является снижение продуктивности сельскохозяйственных угодий.

Уменьшение численности насекомых-опылителей вызывает недополучение сельскохозяйственной продукции; уменьшение численности и видового состава насекомых-энтомофагов, приводит к процветанию насекомых-вредителей (зачастую стойких к пестицидам) и, как



күрт көбеюіне жағдай жасайды (кейде улы химикаттарға төзімді түрлерге), нәтижесінде ауыл шаруашылық дақылдарының өнімін жоғалтады (күрес үшін химиялық заттарды пайдалану тек уақытша ғана көмектеседі және қоршаған органы ластайды).

Адамның шаруашылық әсерлерінің тықсыруы нәтижесінде, көптеген жануарлардың саны мен олардың тіршілік ету ортасы қысқарды. Қазіргі кезде Қазақстандағы омыртқасыз жануарлардың жекелеген түрлері мен популяцияларының құрып кеткені, олардың таралу аймағының қысқарғаны және үзік-үзік болып орналасқаны жайлы мәліметтер бар. Біріншіден, омыртқасыздардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызды ролін ескере отырып, екіншіден, олардың санының және түрінің адам әсерінен төмендеп кеткенін ескеріп, оларды міндетті түрде қорғау керек деген қорытынды шығады. Әрбір түрдің жоғалуы адамзат үшін орны толмас шығын, біз оны тек шаруашылық немесе ғылыми зерттеу нысанасы ретінде ғана жоғалтып қоймай, күрделі экологиялық жүйенің өзара байланысқан бір сыңары, биосфераның химиялық элементінің биогеоді миграция механизмінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырамыз.

В.Л. Казенас

следствие, — к потерям урожая сельскохозяйственных культур (компенсаторное возрастание применения химических средств борьбы дает лишь временный эффект и ведет к загрязнению среды).

Под натиском антропогенной деятельности стала снижаться численность многих видов животных и сокращаться область их обитания. К настоящему времени накоплен значительный фактический материал об исчезновении отдельных популяций и видов беспозвоночных животных в Казахстане, о сужении и разрыве их ареалов.

Исходя из важной роли беспозвоночных в природе и большого значения их для человека, с одной стороны, и угрожающих темпов снижения их численности и разнообразия под воздействием антропогенных факторов, с другой, закономерно вытекает вывод о необходимости их охраны. Утрата каждого вида оборачивается невосполнимой потерей для человечества потому, что мы теряем его не только как объект хозяйственного использования или научных исследований, но и как один из взаимосвязанных компонентов сложной экологической системы, как составную часть механизма биогеоді миграции химических элементов биосферы.

В.Л. Казенас

Күреңтүсті проксилокопа

Проксилокопа рыжевато-красная

ҚАЗАҚСТАНДА ОМЫРТҚАСЫЗ ЖАНУАРЛАРДЫҢ АЛУАН ТҮРЛІЛІГІН САҚТАУ ШАРАЛАРЫ



Омыртқасыздарды қорғау жұмысында Қызыл кітапқа енгізу үшін маңызды және алғашқы қадам — олардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін табу. Оларды Қызыл кітапқа енгізгеннен кейін, бұл түрлер «дербес», яғни «тиісуге болмайтын» дәрежеге бірден ие болады. Бұл ақиқат — тек табиғи популяцияларды қорғауға ғана емес, әрбір дананы жеке қорғауға себеп.

Республиканың жануарлар әлемінің нашар жағдайы жайлы маңызды құжат, Қазақстан Қызыл кітабының (омыртқасыздар) жаңа басылымына омыртқасыздардың 96 түрі енгізілген: буылтық құрттар — 2, моллюскалар — 6, шаянтәрізділер — 1, өрмекшітәрізділер — 2, насекомдар — 85. Қызылкітаптық омыртқасыздардың көбінің саны аз, биоценоздағы шамалы экологиялық өзгеріс олардың жойылып кетуіне әсер етеді. Қызыл кітапқа енгізілген 96 омыртқасыз түрлерінің 11-інің құрып кету қаупі бар, саны өте аз, жоғалып кету шегінде тұрған түрлер. Жоғалып кету қаупі бар (40) түрлердің саны салыстырмалы түрде жоғары, бірақ таралу аймақтары шағын, әрі үзік-үзік. Қолайсыз жағдай туса, бұл түрлердің жойылып кетуі ықтимал.

Кеміп бара жатқан түрлердің (43) таралу аймағы кең, бірақ әртүрлі қолайсыз жағдайлардың әсерінен саны азайып барады. Кей жерлерде олар тіпті сирек, жекелеген популяциялары жоғалып отыр.

Қызыл кітапқа жоғалып кету қаупі бар барлық түрлер енгізіліп отырған жоқ. Тек табиғатта оңай танытын, әдемі де ірі, көрнекті түрлер таңдап алынып отыр. Омыртқасыздар түрлерінің көбінің саны төмен, биоценоздағы шамалы экологиялық өзгерістер олардың

Важным и первоочередным шагом в деле охраны беспозвоночных является выявление редких и исчезающих видов для включения их в Красную Книгу. При внесении в Красную книгу на эти виды сразу распространяется статус «неприкасаемых». Этот факт служит поводом не только для организации охраны природных популяций, но и для индивидуальной охраны каждого экземпляра.

В новое издание Красной Книги Казахстана (беспозвоночные), представляющей собой важный документ неблагоприятного состояния животного мира республики, включено 96 видов беспозвоночных: кольчатых червей — 2, моллюсков — 6, ракообразных — 1, паукообразных — 2, насекомых — 85. Подавляющее число краснокнижных видов беспозвоночных имеют невысокую численность, и даже небольшие экологические изменения в биоценозах могут вызвать их исчезновение. Из 96 видов беспозвоночных, включенных в Красную книгу, 11 относятся к критически угрожаемым, численность которых особенно низка, и виды находятся на грани исчезновения. Угрожаемые виды (40) имеют относительно высокую численность, но небольшие и разорванные ареалы. При неблагоприятных условиях эти виды могут оказаться на грани исчезновения. Уязвимые виды (43) имеют преимущественно широкий ареал, но сокращающийся под воздействием различных негативных факторов. В ряде мест они становятся редкими; исчезают отдельные их популяции.

Следует иметь в виду, что в Красную Книгу включены далеко не все виды, которым угрожает исчезновение. Отобраны лишь наиболее яркие и крупные показательные виды, достаточно легко узнаваемые в природе. Подавляющее число видов беспозвоночных имеет низкую численность, и даже небольшие экологические изменения в биогеоценозах могут вызвать их исчезновение и повлечь за собой необратимое разрушение всей соответствующей экосистемы.

МЕРЫ ПО СОХРАНЕНИЮ РАЗНООБРАЗИЯ БЕСПОЗВОНОЧНЫХ В КАЗАХСТАНЕ

құрып кетуіне және барлық сәйкес экожүйеде қайтып орнына келмейтін жағдайға әкеліп соқтырады.

Омыртқасыз жануарлардың алуан түрлілігін сақтауда қорғалатын аймақтардың маңызы зор. Қазақстанда 10 қорық бар. Тұтас алғанда, олар Қазақстанның бірегей фаунистикалық алуан түрлілігін толық қорғамайды. Өкінішке орай, республикамызда қорықтар құру қарқыны өте төмен: соңғы 25 жыл ішінде небары 4 қорық ұйымдастырылды — Үстірт, Марқакөл, Батыс Алтай және Алакөл. Негізгі себебі — жергілікті өкімет билігі жерді шаруашылық пайдалануынан босатқысы келмейді және оларға жағдай жасауға қаржының жоқтығы. Қорықшалар мен аң аулауға пайдаланатын жерлерді ұйымдастыру омыртқасыздарды қорғауға мүмкіндік туғызады. Бұл жерлерде жануарлардың кәсіптік маңызы бар түрлері, олардың тіршілік ортасы барлық сыңарларымен қорғалады, егер кәсіптік түрлер әлсін-әлсін алынып отырса, онда қалған сыңарлары адамның қолайсыз әсерлерінен берік қорғалатын жерде өздеріне қолайлы жағдайларда тіршілік етеді.

Пайдалы омыртқасыз жануарларды қорғау және тиімді пайдалану биологиясына, экологиясына, популяцияның саны мен құрылысына, таралуына және т. б. негізделу керек. Өкінішке орай, мұндай мәліметтер омыртқасыз жануарлардың көптеген топтары үшін жоқ немесе үзінді түрінде ғана (көптеген топтар үшін тіпті фаунасының түр құрамы белгісіз).

Омыртқасыз жануарлардың пайдалы түрлерінің табиғи жағдайда адам үшін маңызды да бағалы қызметі үшін, ең алдымен, олардың санын есепке алу керек (және оларға әсер етуші жағдайлар) және табиғи биоценоздағы маңызын анықтау қажет. Олардың санының өсуі ең үйлесімді жағдайда болуы және олардың тіршілік етуі мен көбеюін осы қолайлы деңгейде ұстап тұру үшін (қосымша қоректену, жасанды ұялар, қыстайтын жерін қорғау, т. б.), міндетті

Для сохранения биоразнообразия беспозвоночных животных большое значение могут иметь охраняемые территории. В Казахстане 10 заповедников. В целом, они, однако, далеко не обеспечивают сохранения уникального фаунистического разнообразия Казахстана. К сожалению, темпы создания заповедников в республике очень низки: за последние 25 лет организованы всего 4 заповедника — Устюртский, Маркакольский, Западно-Алтайский и Алакольский. Основная причина — несогласие местных властей на изъятие земель из хозяйственного использования и отсутствие экономических механизмов их стимулирования.

Сохранению беспозвоночных способствует создание заказников и охотничьих угодий. Дело в том, что на этих территориях сохраняется среда обитания промысловых видов животных со всеми ее компонентами, но, если промысловые виды периодически изымаются, то остальные компоненты находят благоприятные условия для существования в условиях достаточно надежной охраны от антропогенного воздействия.

Охрана и рациональное использование полезных беспозвоночных животных должны основываться на знании биологии, экологии, численности, структуры популяций, распространения и т. д. К сожалению, такие данные для большинства групп беспозвоночных отсутствуют или фрагментарны (для многих групп не установлен даже видовой состав фауны).

В связи с тем, что большинство полезных видов беспозвоночных выполняют свою важную, ценную для человека роль в естественных условиях, прежде всего, необходим учет их численности (и факторов, влияющих на нее) и выяснение значения в природных биоценозах. Увеличение их численности до оптимальной и поддержание ее на этом уровне достигается созданием благоприятных условий для их существования и размножения (дополнительное питание, искусственные гнездилища, охрана мест

түрде ғылыми кеңестер мен ұсыныстар дайындау қажет.

Сонымен Қазақстан омыртқасыздарын қорғау және олардың пайдалы түрлерінің қорын тиімді пайдалану үшін, ең алдымен, кең ғылыми ізденістер керек. Олардың популяцияларының мониторингін міндетті түрде құру және олардың санын сақтауға одан әрі жете зерттелген ұсыныстар берілгені жөн.

Қазақстандағы омыртқасыз жануарлар фаунасының одан әрі бүлінуінен сақтау үшін келесі кідіртуге болмайтын шаралар ұсынылады:

- Жерді ауыл шаруашылық дақылдары үшін пайдаланған кезде, пайдалы масыл (паразит), жыртқыш насекомдар мен тозаңдандырушыларды қорғау және келешекке дұрыс көзқарасты арттыру үшін, егістік айналасында табиғи ландшафты жерлер қалдыру немесе орман алқабын отырғызу керек. Жол жағасындағы тыңайған жер өнімдерін және орман алқабындағы топырақ төсеніштерін құртуға тыйым салған жөн.
- Соңғы жылдары Қазақстан бойынша адамның негізгі теріс әрекетінен болатын орман, тоғай, әсіресе далалы және тау етегі далаларындағы өрттерге күресті күшейту керек.
- Қорықтар жүйесі мен аймақтық негізде басқа да қорғалатын жерлерді кеңейту.
- Жануарлар мен өсімдіктер әлемін, табиғатты қорғау заңдарының бұзылмауын қатал бақылауды ұйымдастыру қажет.

Омыртқасыз жануарлардың түрлерін және олардың сыңарларын тұтастай қорғау мүмкін емес, дегенмен, қызылкітаптық түрлер республиканың кең жерінде шашырап таралған және соған қарамастан, тіпті бірнеше түр жекелеген шағын жерде өте сирек кездеседі. Барлық жерде шағын қорықтар ұйымдастыру мәселені шешеді, бірақ іс жүзінде шағын қорықтар құру өте күрделі шаруа, себебі жер пайдаланушылар

зимовки и т. д.). Для этого необходима разработка научных рекомендаций.

Таким образом, для организации охраны беспозвоночных Казахстана и рационального использования запасов их полезных видов необходимо, в первую очередь, широкие научные изыскания. Необходимо организация мониторинга их популяций и дальнейшая разработка рекомендаций для сохранения их численности.

Для предотвращения дальнейшей деградации фауны беспозвоночных животных в Казахстане предлагаются следующие безотлагательные меры:

- необходимо сохранять вокруг полей участки природных ландшафтов или закладывать лесополосы при использовании земель под сельскохозяйственные культуры для сохранения и оптимизации деятельности полезных паразитических, хищных насекомых и опылителей; следует запретить уничтожать растительность целинного типа по обочинам дорог и почвенную подстилку в лесных насаждениях;
- усилить борьбу с лесными, тугайными и особенно степными и низкогорно-степными пожарами, которые в последние годы стали основным негативным антропогенным фактором по всему Казахстану;
- расширить сеть заповедников и других охраняемых территорий по зональному принципу;
- организовать строгий контроль по соблюдению законов охраны природы, животного и растительного мира.

Повидовая охрана беспозвоночных в целом практически невыполнима, как и охрана их комплексов, так как краснокнижные виды разбросаны по всей громадной территории республики и вместе, даже несколько видов, на отдельных небольших территориях встречаются крайне редко. Повсеместное создание микрозаповедников могло бы решить проблему, однако, как показывает практика, организация микрозаповедников — чрезвычайно сложный процесс, так как землепользователи крайне неохотно, если не болезненно, идут на выделение даже небольших территорий для

этих целей. Поэтому, сейчас необходима широкая всемерная пропаганда охраны природных ландшафтов, даже отдельных целинных участков, независимо от их размеров. Необходимо пропаганда идей охраны беспозвоночных как важного компонента среды обитания человека, и вовлечение самых широких слоев населения в практическую природоохранную деятельность.

В широкие массы людей должно внедряться сознание бережного отношения к природе, если мы хотим сохранить на будущее современное разнообразие беспозвоночных животных и в целом биоту республики.

И. Д. Митяев, Р. В. Яценко, В. Л. Казенас

И. Д. Митяев, Р. В. Яценко, В. Л. Казенас



Шнитников псеудонапеусы

Псеудонапеус Шнитникова



ҚАЗАҚСТАН ҚЫЗЫЛ КІТАБЫНА ОМЫРТҚАСЫЗ ЖАНУАРЛАРДЫ ЕНГІЗУ БЕЛГІЛЕРІ



ҚАЗАҚСТАННЫҢ омыртқасыз жануарлар фаунасы өте бай, алуан түрлі және бірегей. Бұл аумағының кеңдігімен, оның Еуразияның ортасында орналасуымен, шекаралас биогеографиялық аймақтармен кең байланысымен және биожинақтың өзінің қалыптасу тарихымен анықталады. Қазіргі кезде Қазақстанда тек насекомдардың 15 мыңнан астам түрі нақты белгілі. Егер фаунаның, насекомдардың және тұтас омыртқасыз жануарлардың барлық тобының, жоспарлы түрде арнайы бағытталған мақсатта зерттелмегенін ескерсек, онда насекомдардың саны 50–60 мың, ал омыртқасыздардың 80 мыңнан артық түрінің табылатынын шамамен көрсетуге болады.

Соңғы бірнеше онжылдықта республикадағы омыртқасыздар фаунасының азайғандығы байқалды. Әр түрлі таксондық топтың мамандарында жақын арада биоценозды, тіпті тұтас ландшафты тұрақтандырмаса, оларды қорғау туралы шараларды іске асырмаса, алуан түрлі омыртқасыздардың жойылып кету қаупі туралы көптеген мәліметтер жиналды.

Қазақстан Қызыл кітабына омыртқасыз жануарлардың өкілдерін қазіргі кезде енгізудің өте қажет екендігіне ешкім шүбә келтірмейді. Дегенмен, Қазақстан Қызыл кітабына кіргізетін түр тізімдерін дайындау өте қиын болды, себебі сирек кездесетін және жойылып бара жатқан омыртқасыз жануарлар толық зерттелмеген, ал мамандар таксондық топтар бойынша Қызыл кітапқа енгізу үшін түрдің сирек кездесуінің бағалау белгілерін, оларды іріктеу негіздерін толық білмеді. Сонымен қатар жоғалып бара жатқан түрлердің дәрежесін бағалау кезінде, барлық мамандардың өзіндік көзқарастары да байқалды. Бұл әбден түсінікті, себебі Қызыл кітапқа тізімді дайындауға тек

